



**ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ
ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ӘҢГІМЕЛЕРІ**

2, 3, 4 –ші сынып оқушылары оқыған Ыбырай Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелері» кітабы бойынша Тест тапсырмаларына мысалдар:

1. Ы.Алтынсариннің «Өтіріктің залалы» әңгімесінің оқиғалар тізбегін көрсетіңіз.

- A. әуелгіше жабу
- B. ақыл табу
- C. құс аулау
- D. екеудің алдануы
- E. түс көру

2. «бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой», -деп ой түйетін қай шығарманың кейіпкері?

- A. Ы.Алтынсарин «Бақша ағаштары»
- B. Ы.Алтынсарин «Жаман жолдас»
- C. Ы.Алтынсарин «Шеше мен бала»
- D. Ы.Алтынсарин «Атымтай Жомарт»
- E. Ы.Алтынсарин «Білгеннің пайдасы»

3. «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде алыстан адамша шыңғырып, әр түрлі дауысқа салған не нәрсе?

- A. өгізшағала
- B. қасқыр
- C. киік
- D. алабұға
- E. үйрек



**Ханс Кристиан Андерсен
ТАҢДАУЛЫ ЕРТЕГІЛЕР**



2, 3 ,4 –ші сынып оқушылары оқыған «Ханс Кристиан Андерсен. ТАҢДАУЛЫ ЕРТЕГІЛЕР» кітабы бойынша Тест тапсырмаларына мысалдар:

1.Қош бол, сүйкімді құсым,- деп Түйме қыз кімге айтты?

- A. Суықтан әбден әлсіреген қарлығашқа айтты
- B. Ұстамды, салауатты көртышқанға айтты
- C. Алып келген зауза қоңызға айтты
- D. Кішкентай торғайларға айтты
- E. Жылтырауық шегірткеге айтты

2.Қуыс-қуысты түгел дәнге толтырып алыпты. Ас үйі мен қамбасы аузы-мұрнынан шыққан азық! Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.

- A. аузы-мұрнынан шығу
- B. қуыс-қуысты толтыру
- C. дәнге толтырып алу
- D.ас үйі мен қамбасын алу
- E. түгел толтырып алу